

Кімге: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне, Қазақстан Республикасының облыстық мансап және жұмыспен қамту орталығына

Автордың аты-жөні және лауазымы: Амангелдинова Мақпал Қаирбекқызы, Жыланды ауылдық округінде салық жөніндегі бас маман

Күні: 14.10.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Қазақстан Республикасында жастар үшін мамандықты дұрыс таңдаудың маңыздылығы

Кілт сөздер: мамандық, жастар, жұмыссыздық, таңдау, жеке қасиеттер, кәсіби сала

Кіріспе. Мамандықты дұрыс таңдау адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Мектеп бітіргеннен кейін, үлкен өмірге аяқ басатын жасөспірімдердің алдында мыңдаған мамандықтың ішінен өзіне лайық бір мамандықты таңдау міндеті тұрады. Өз қалаған ісін тауып, қоғамдағы орнын анықтау, әр азамат үшін үлкен жетістік, әрі ең маңызды міндеттемелерінің бірі болып табылады. Таңдаған мамандық қаржылық тәуелсіздік әкеліп қана қоймай, қоршаған ортаға да пайдасын тигізуі қажет. ХХІ ғасырда уақыт пен нарық жаңа мамандықтардың пайда болуын талап етіп отыр.

Адамның қоғамдағы орны, өз жұмысына қанағаттануы, физикалық және психикалық саулығы, материалдық жағдайы, қуанышы мен бақыты кәсіби жолын қаншалықты дұрыс таңдағанына тікелей байланысты. Дұрыс шешім қабылдау үшін мамандық таңдауға әсер ететін негізгі факторларды ескеру қажет. Ата-ана мен достардың, мұғалімдердің пікірі, баланың жеке қабілеті – оның қандай мамандықты таңдайтынына тікелей әсер етеді.

Не қалайтынын білмейтін адам басын тауға да, тасқа да ұрып жүреді. Сол үшін мамандық таңдағалы отырған азаматтар ішкі дауыстарын тыңдап, мамандықты өз қалауы бойынша таңдағалы отыр ма, әлде айналадағылардың таңдап берген нәрсесі ме ажыратып алғаны дұрыс? Адамдар неше түрлі пікір айтады, бірақ сіз өз жолыңызды өзіңіз таңдауыңыз керек. Өйткені ол жолмен сіз ғана жүресіз. Соны ұмытпаған абзал.

Бәрі қызығушылықтан басталады. Қызығушылық адамды білім алуға итермелейді, ой-өрісін кеңейтеді, мамандықты меңгеру жолындағы кедергілерді жеңуге көмектеседі. Одан кейін міндетті түрде қабілет болуы маңызды. Қабілет – кез келген іс-әрекеттің табысты әрі нәтижелі болуын және осы әрекетті игеріп, меңгеруді жеңілдететін тұлғаның жеке ерекшеліктері. Өз қабілетін білмеу және оны мамандық талаптарымен байланыстыра алмау негізсіз, яғни қате таңдауға әкеледі.

Егер таңдау кезінде қиналсаңыз, профориентолог мамандардың кеңесіне жүгініп көрген дұрыс.

Адам қателеседі және қателесу – қалыпты. Ештеңе істемейтін адам ғана қателеспейді. Алайда қателіктің алдын алған адам ұтады. Сол секілді сіз де қазірден анализ жасап, өзіңізше мақсат қойсаңыз, қай бағытта даму керек, қай салада үздік болғым келеді деп қазірден ертеңге жоспар құрсаңыз, ұтылмайсыз. Адамның бақыты болуы жұмысқа тікелей байланысты екені әлдеқашан дәлелденген. Себебі біз уақытымыздың көп бөлігін жұмыста өткіземіз. Ең бастысы – таңдаған мамандығыңыз бен істейтін жұмысыңыз сізге бақыт сыйласа болғаны. [1]

Негізгі бөлім. Ғаламтор бетінде жарияланған мәліметтерге сүйенсек, елімізде 2 миллионнан астам жастар өз мамандықтары бойынша жұмыс істемейді екен, басқа сөзбен айтқанда дипломдары бар, бірақ жұмыстары жоқ. Бұл қазіргі қоғамның өзекті мәселесіне айналып отыр.

Бұл мамандықты дұрыс таңдамау салдарынан орын алады. Себебі, қазіргі жастар заманауи мамандық таңдауға көп көңіл бөліп, ал жұмыс істеуге келгенде оны игере алмай жатады. Яғни, әрбір мектеп бітіруші түлек мамандық таңдар алдында өз – өзіне "ол маған не үшін керек?", "мен өмір бойы осы салада жұмыс істей аламын ба?", "бұл мамандықтың қыры мен сыры қандай?" деген сұрақтар қойып, ойланғаны дұрыс. [2]

Мамандық таңдау әрбір адамзат үшін өмірлік таңдау. Бірақ, көптеген жастар мамандық болашақпен тікелей байланысты ұғым екенін естен шығарып жатады. Қазіргі жағдайға келсек, өкінішке орай, басқа мүмкіндік болмағандықтан қазіргі жастар ата-ананың кеңесі, үлкендердің ақылы мен тәжірибесіне ғана сүйену арқылы мамандық таңдауға мәжбүр. Соңғы кездегі Білім және ғылым министрлігінің мәліметіне қарағанда, оқу орнын бітірген түлектердің 50 пайызы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді екен. Сонда қалған 50 пайызы ғана диплом бойынша қызмет атқарады. Ал бұл дегеніміз ата-ана мен мемлекеттің грантқа бөліп жатқан қаражатының 50 пайызы желге ұшады дегенді білдіреді. Сол себепті мамандықты дұрыс таңдау – еңбек қызметінің өмір сүру көзі және жауапкершілік пен дайындықты талап ететін маңызды бөлігі екенін, алдағы өмірін өкінбейтіндей, өз қабілетіне, бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдағаны дұрыс. [3]

Көп адамдар жалақысы жоғары кәсіптерді ғана қарастырады. Барлық мамандықтар өте маңызды, кейбіреулері математикалық қабілеттілікті, басқалары шығармашылықты, ал үшіншілері физикалық дайындықты қажет етеді. Жақсы немесе жаман мамандықтар жоқ, сізге ұнайтын немесе ұнамайтындары ғана бар. Өмірде бәрі өзара байланысты болғандықтан, дұрыс таңдалған кәсіп өмірдің барлық салаларына әсер етеді. Таңдау қаншалықты дұрыс болса, өмір жолы соншалықты қызықты және табысты болады. Сізге сәйкес келмейтін мамандыққа оқуға түсіп

қойсаңыз, мұнаймаңыз. Егер тырыссаңыз, өмірде бәрін түзетуге болады. Барлығы өзіңізге байланысты екенін ұмытпаңыз. [4]

Мамандық таңдау – тек оқу мен диплом алу ғана емес, бұл – өз өмір жолыңды дұрыс таңдау. Сондықтан болашаққа қадам басар кезде талапкердің де, ата-ананың да «жеті рет өлшеп, бір рет кескені» абзал. Десек те, ол кейде біздің айтқанымыздай бола бермейді. Кейде ЖОО бітірген жастарымыздың өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға қызығушылық танытпауының өзі сондықтан. Шынайы көзқараспен қарайтын болсақ, дұрыс таңдалған мамандық иесі қашанда өз ісінің шебері, әрі білгірі болып, қашанда сұранысқа ие болып жатады. Ол өз таңдаған бағытын жақсы көріп, сол саланың мақтанышына айнала алады.

Мамандықты дұрыс таңдау – бұл ұзақ кәсіби өмірде сенімділік, жан тыныштығы және материалдық әл-ауқат. Тек өзіне ғана емес, бүкіл қоғамға қажетті мамандықты таңдап алу керек. Сонда адам кейін өз мамандығы бойынша жұмыс таба алады. Мысалы, ең көне мамандықтардың бірі – ұстаздық. Ол қай уақытта да сұранысқа ие болған және бола бермек. Өйткені, білім адамзатты әрқашан алға жетелейді.

Әрбір адамның кез келген саладағы табысқа әсер ететін белгілі бір жеке қасиеті болады. Бұл тамаша есте сақтау, күрделі ойлау, бай қиял және табиғаты бойынша генетикалық және көбінесе тәрбиеге, білімге және өмірлік тәжірибеге байланысты басқа да ақыл-ой қабілеттері болуы мүмкін.

Қазақстанда алдағы жеті жылда ең сұранысқа ие мамандықтар белгілі болды. Бос жұмыс орындарының басым бөлігі білім беру, ауыл шаруашылығы және сауда салаларында күтілуде. Оның үстіне бұл салаларда барлық пәндер бойынша базалық білім беретін мұғалім мамандығы маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, жастарымызға болашақ мамандығын таңдауға жауапкершілікпен қарауды сұраймын. Бұл әрбір адамның өміріндегі маңызды сәт, оны жіберіп алмау керек және таңдауға байыптылықпен қарау керек. Ал, жоғары оқу орнындағы табысты білім еңбек нарығында білімі мен біліктілігі бағаланатын білікті маман болуға мүмкіндік береді. [5]

Адам өзінің таңдауына сенімді болған жағдайда барынша көп ақпарат білуге құштар болады, ісінде шығармашылық белсенділік танытып, бір сөзбен айтқанда, нағыз өз ісінің шеберіне айналады. Сол кезде ғана мамандық дұрыс таңдалған деп айтуға болады. [6]

Мамандықты дұрыс таңдаудың маңызы өте зор, себебі бұл адамның өмірінде маңызды рөл атқаратын шешімдердің бірі болып табылады. Мамандықты дұрыс таңдау өмір сүру сапасын жақсартуға, жеке және кәсіби жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Мамандықты дұрыс таңдаудың маңыздылығы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте- Мамандық таңдаудың маңыздылығы

Артықшылықтары	Кемшіліктері
Өмірлік қанағаттанушылық; Кәсіби жетістіктер; Тұрақтылық пен сенімділік; Экономикалық тәуелсіздік	Стресске түсу; Ата-анаға ауыртпашылықтар салу
Мүмкіндіктері	Қауіптіліктері
Қоғамдық бедел; Жайлы орта; Психологиялық тұрақтылық; Айқын мақсат	Жаман жолға түсіп кету; Жеңіл жолмен ақша табу; Лудомания

Әрқайсымыздың өмірімізде мамандық таңдау уақыты болады.

Мамандық таңдаудың бірінші қадамы - өз қызығушылықтарыңыз бен қабілеттеріңізді талдау. Өзіңізге сұрақтар қою маңызды: мен не істегенді ұнатамын? Мен немен айналысамын? Мектептегі қандай пәндер маған оңай? Мысалы, математика мен физиканы ұнатсаңыз, инженерлік мамандықтарды қарастырғыңыз келуі мүмкін. Егер сіз өнер мен дизайнға құмар болсаңыз, онда бұл саладағы мансап сізге қолайлы болуы мүмкін.

Сіз өзіңіздің қызығушылықтарыңыз бен қабілеттеріңізді анықтағаннан кейін келесі қадам - еңбек нарығын зерттеу. Бұл сізге қандай мамандықтардың сұранысқа ие екенін және олардың қандай перспективалар ұсынатынын түсінуге көмектеседі. Қазіргі жағдайды ғана емес, болашаққа болжамды да ескеру маңызды. Мысалы, ақпараттық технологиялар мен медицинадағы жұмыс орындары дәл қазір жоғары сұранысқа ие және алдағы жылдары да солай болуы мүмкін.

Еңбек нарығын зерттеу сонымен қатар әртүрлі кәсіптердегі жалақы мен еңбек жағдайын талдауды қамтиды. Мысалы, егер сіз бағдарламалау саласындағы мансапты ойласаңыз, қай бағдарламалау тілдеріне сұраныс көп екенін, қай компаниялар ең жақсы жұмыс жағдайларын ұсынатынын және осы салада қандай мансаптық перспективалар бар екенін білу пайдалы. Бұл сізге неғұрлым саналы таңдау жасауға және болашақта көңіліңізді қалдырмауға көмектеседі.

Мамандық таңдауда сізге қажет білім деңгейі мен кәсіби дағдылар да ескерілуі керек. Кейбір мамандықтар колледж дәрежесін талап етеді, басқалары мамандандырылған курстарды немесе сертификаттарды талап етеді. Қандай білім беру жолдары бар екенін және олардың қайсысы таңдаған мамандығыңызға сәйкес келетінін алдын ала білу маңызды.

Таңдаған мамандығыңа дайындалуда білім басты рөл атқарады. Мысалы, егер сіз дәрігер болғыңыз келсе, сізге медициналық университетте оқудың ұзақ кезеңінен өту керек, содан кейін интернатура мен резидентурадан өту керек. Егер сіз бағдарламашы болғыңыз келсе, сіз онлайн курстардан және өзін-өзі тәрбиелеуден бастай аласыз, содан

кейін арнайы курстардан өтуге немесе информатика мамандығы бойынша білім алуға болады. Сондай-ақ, білім алу диплом алумен аяқталмайтынын ескеру қажет - көптеген мамандықтар үздіксіз оқуды және біліктілікті арттыруды қажет етеді. [7]

Қорытынды. Қазақстан Республикасында жастар үшін мамандықты дұрыс таңдаудың маңыздылығы мақсатында әр жоғары оқу орындары арнайы жас түлектер үшін ашық есік күндерін өткізуі керек. Сол жерде кәсіби бағыт – бағдар беретін мамандармен тілдесіп, кеңес алған дұрыс деп есептеймін. Сонда елімізде дипломы басқа саладан, өздері мүлде басқа салада жұмыс істеп жүрген жастар қатары азаяды деп ойлаймын.

Мамандық таңдау туралы айтқанда, біз нақты жұмысты таңдауды ғана емес, өміріңіздің дамитын бағытын айтамыз. Бұл шешім сіздің әлеуметтік жағдайыңызға, қаржылық әл-ауқатыңызға және тіпті сіздің әлеуметтік ортаңызға әсер етеді. Мысалы, егер сіз дәрігер болуды таңдасаңыз, сіздің өміріңіз медицинамен, ауруханалармен және науқастармен байланысты болады. Егер сіз инженер болсаңыз, сіздің жұмысыңыз дизайн, технология және инновацияны қамтиды

Дұрыс таңдалмаған мамандықтың салдары, тек адамның өзіне ғана емес, қоғамға кері әсерін тигізеді. Сондықтан, мамандық таңдауда шалыс баспаған жөн. Сонымен қатар, мансап таңдауда тек ағымдағы қызығушылықтар мен қабілеттерді ғана емес, сонымен бірге ұзақ мерзімді перспективаларды да ескеру қажет. 10 және 20 жылдан кейін де қызығушылық тудыратын, нарықта елеулі орны бар мамандықты таңдау маңызды.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. <https://daryn.online/article/1086>
2. <https://znaniya.com/task/41019401>
3. <https://bilimger.kz/141306/>
4. <https://faktiler.kz/mamandyq-tandaudyn-manyzy-qandaj-esse/>
5. <https://egemen.kz/article/342509-mamandyq-tanhdau-%E2%80%93-adam-omirindegi-manhyzdy-qadam>
6. <https://z-taraz.kz/mamandy-ty-d-rys-ta-daudy-ma-zyy-zor-2/>
7. <https://sky.pro/wiki/profession/zaklyuchenie-vazhnost-vybora-professii-posle-shkoly/>